

2024 жылы Ауғанстан соғысының ардагерлеріне Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай қосымша әлеуметтік көмек көрсету туралы

Күшін жойған

Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2024 жылғы 22 ақпандағы № 15/85-VIII шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 23 ақпанда № 6467-13 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 2024 жылғы 23 сәуірдегі № 17/106-VIII шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Арыс қалалық мәслихатының 23.04.2024 № 17/106-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

"Ардагерлер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабына сәйкес, Арыс қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. 2024 жылы Ауғанстан Демократиялық Республикасынан Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің шығарылғанына 35 жыл толуына орай, әлеуметтік көмек алушылардың өтініші талап етілмей уәкілетті ұйымның тізімі негізінде әрбір Ауғанстан соғысының ардагерлеріне қосымша 50 (елу) айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бір рет әлеуметтік көмек көрсетілсін.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Арыс қалалық мәслихат төрағасы

К. Ахметов